22156205910

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 қыркүйек №2301-24-00-2/1861 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Д.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлы

ЖАУАПКЕР:
«Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Жеткізілген 5 дана ысырманы қабылдауға міндеттеу

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Т.Көптілеуов
Талап қоюшы М.Ш.Құдайберген
Талап қоюшы өкілі Ж.Ж.Кудебаев
Жауапкер өкілі С.А.Мақсотова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2024 жылғы 17 наурызда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-198 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге шойын фланецты клапан 30 chbbr LMZ Ru-10 Du-300 фланецпен толық, ГОСТ 9698-86, сыналы, шартты өткелі 50-450 мм болатын ысырманы тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттеме алған.

Жауапкермен ысырманы жеткізу туралы өтінім веб-портал арқылы 2024 жылғы 17 мамырда берілген.

Іс құжаттарындағы талап қоюшымен ұсынылған «НефтеХимИнжиниринг» ЖШҚ-ға берілген, 2023 жылғы 05 қазанда және 2023 жылғы 30 қаңтарда тіркелген сәйкестік сертификаттарында тауардың мемлекеттік стандарты 9001-2015, 30546.1-98, 30546.2-98, 30546.3-98.

Сонымен қатар, талап қоюшымен қолдану мерзімі 2024 жылғы 16 желтоқсанға дейінгі сертификаттау туралы куәлік табыс етілген.

2024 жылғы 10 маусымда жауапкер өкілдерінің қатысуымен рекламациялық акт жасақталып, талап қоюшымен жеткізілген тауар – ысырманың жаңа емес екені (ысырманың және флашканың іші боялғаны), бес ысырманың штурвалы әр-түрлі екені, кранбокстың гайкалары алтыбұрыштыққа өзгертілгені, диаметрінің 300 мм екені анықталған.

2024 жылғы 30 қыркүйектегі жауапкер өкілдерімен жасақталған актіге сәйкес талап қоюшымен жеткізілген ысырмалардың жаңа емес екені, (ысырманың және флашканың іші боялғаны), төрт ысырманың штурвалы әр-түрлі екені, кранбокстың гайкалары алтыбұрыштыққа өзгертілгені, басты штоктағы гайканың бұрандасының (резьба) ескіргені, ысырманы ашып-жапқан кезде гайка бұрандадан кері тебетіні, соның салдарынан гайкаға бекітілген штурвал солқылдап тұрғаны, жалпы алғанда ысырмалардың пайдалануға жарамсыздығы анықталған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюын жолдап, онда жауапкерді жеткізілген бес дана ысырманы қабылдауға міндеттеуді сұраған. Талап қоюдың негіздемесі ретінде жауапкердің жеткізген, техникалық сипаттамаға сәйкес келетін бес дана ысырманы әр түрлі сылтаулар айтып қабылдамай отырғанымен негіздеген.

Сот отырысында талап қоюшы мен оның өкілі талапты қуаттап, маусым айында жеткізген ысырманы жауапкер қабылдамаған соң оның төртеуін алып кетіп басқа тапсырыс беруші «Жітіқара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жеткізгенін, олар ысырмаларды қабылдап, ішінара ақысын да төлеп қойғанын, екінші рет жеткізген ысырманы да жауапкер қабылдамай отырғанын, техникалық құжаттамаларды қажет болса ұсына алатынын көрсетіп, жауапкерді жеткізілген бес дана ысырманы қабылдауға

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025
2301-24-3-1/1975

міндеттеуді, талап қоюшыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкер сотқа жолдаған қарсы пікірінде талапты мойындамай, талап қоюшы техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтін тауарды жеткізгенін, клапандар жаңа емес екенін, бұрын пайдалануда болғанын, себебі іштері боялғанын, бес клапанның рульдері әр түрлі екенін, кран қорапшасының гайкалары алтыбұрышпен яғни зауыттық бөлшектер ауыстырылғанын, сонымен қатар тауарды жеткізу кезінде сәйкестік сертификаттары берілмегенін, олардың көшірмелерін веб-порталға тіркемегенін көрсеткен.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты қарсы пікірде келтірілген уәждерге сәйкес мойындамай, талап қоюшымен ұсынылып отырған сертификатты интернеттен кез-келген адам шығарып ала алатынын, зауытпен арадағы шарт ұсынылмағанын көрсетіп, талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тартуды, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында куә ретінде айғақ берген су тазарту құрылғысы қызметінің (служба ВОС) инженері А.Шатков штоктың бұрандасы боялған болмауы керек екенін, керісінше ол майланған болуы керек екенін, шток боялмауы тиіс екенін, ол ысырманың басты жұмыс құралы екенін, штоктың гайкасы ескіргендіктен солқылдап тұрғанын, сондықтан ысырмалар аз уақыттан кейін істен шығатынын, мұндай кемішіліктер барлық ысырмада анықталғанын көрсетті.

Прокурор сотта жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлының «Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын жеткізілген 5 дана ысырманы қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюының қанағаттандырылуға, ал «Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюының қанағаттандырудан бас тартылуға жататындығы туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1). Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Тараптардың арасында 2024 жылғы 17 наурызда жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-198 Шартқа сәйкес, жауапкер тапсырыс берушіге шойын фланецты клапан 30 chbbr LMZ Ru-10 Du-300 фланецпен толық, ГОСТ 9698-86, сыналы, шартты өткелі 50-450 мм болатын ысырманы

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025

тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттеме алған.

Тапсырыс беруші/жауапкермен ысырманы жеткізу туралы өтінім веб-портал арқылы 2024 жылғы 17 мамырда берілген.

Талап қоюшымен тауар алғашқы рет 2024 жылғы 10 маусымда жеткізілген.

Алайда, 10 маусымдағы актімен талап қоюшымен жеткізілген тауар – ысырманың жаңа емес екені (ысырманың және флашканың іші боялғаны), бес ысырманың штурвалы әр-түрлі екені, кранбокстың гайкалары алтыбұрыштыққа өзгертілгені, диаметрінің 300 мм екені анықталып, қабылданбаған.

Шарттың 4.2.-тармағына сәйкес осы Шарт шеңберінде жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Шарттың 5.1.-тармағының 1),2)-тармақшаларына сай, өнім беруші тауар арналған пунктте тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

- ақпарат тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік – техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертфикаты/сәйкестігі туралы декларация/мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі ұсынылады.

Іс құжаттарындағы қолдану мерзімі 2024 жылғы 16 желтоқсанға дейінгі сертификаттау туралы куәлікте оның қандай өнімге берілгені белгісіз, қытай тілінен аудармасы табыс етілмеген және мемлекеттік стандарт белгісі көрсетілмеген, дайындаушы зауытпен арадағы шарт, жүкқұжаттар, техникалық құжаттар табыс етілмеді.

Сонымен қатар, талап қоюшымен ұсынылған сәйкестік сертификаттарының барлығында көрсетілген тауардың мемлекеттік стандарттарға сәйкестік көрсеткіштері техникалық сипаттамадағы көрсеткіштермен сәйкес емес.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025

ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Талап қоюшы өзімен жеткізілген ысырмалардың техникалық сипаттамаға сәйкес келетінін даусыз дәлелдемелермен растай алмады.

Талап қоюшы өкілінің жеткізілген ысырмалардың техникалық сипаттамаға сәйкес келетін немесе келмейтіндігін анықтау мақсатында сот-тауартану сараптамасын тағайындау туралы өтінішхаты, ол мәселе арнайы ғылыми білімдер негізінде зерттеу жүргізуді қажет етпейтіндіктен және құқықтық тұрғыдан баға беруді қажет ететіндіктен қанағаттандырудан бас тартылды.

Анықталған мән-жайларға байланысты сот, жеткізілген тауар – ысырмалар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтіндіктен оларды қабылдауға жауапкерді міндеттеу жөніндегі талап қоюды қанағаттандыруға негіз таппайды.

2). Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Жауапкердің өтініші бойынша оған шарттық міндеттемені тиісінше орындау үшін мүмкіндік беріліп, сот отырыстары бірнеше рет кейінге қалдырылды.

Алайда, сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылып, жауапкер техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тауарды жеткізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025

Жауапкердің шарттық міндеттемені тиісінше орындамауының салдарынан облыс халқын сумен қамтамасыз етіп отырған маңызды стратегиялық нысанның қызметінде жағымсыз салдар орын алған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлының «Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын жеткізілген 5 дана ысырманы қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

«Атырау облысы Энергетика және тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Құдайберген» басшысы Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025

өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Р.Балмуханова**

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 07.02.2025

2301-24-3-1/1975